

БҰЙРЫҚ
2023 жылғы 11 желтоқсан

ПРИКАЗ
№1-06/206

**Ауа райының қолайсыздығына байланысты
оқу сабақтарын қашықтықтан
оқыту форматына көшіру туралы**

Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында және ауа райының қолайсыздығына байланысты (температура - 25 градус, жел 1-2 м/с.) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 11 желтоқсанда 1-ші ауысымдағы 1-4 сыныптардың сабақтары қашықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
Жауапты: кезекші әкімші БОЖО О.Я.Слывоцкая.
2. 1-4 сынып оқушылары мен ата-аналарына қашықтықтан оқыту форматына көшіру туралы уақытылы хабарлансын.
Жауапты: 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері.
3. 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері сабаққа келген оқушыларға оқу сабақтарын қамтамасыз етсін.
4. 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері сабаққа келген оқушылардың есебін қатаң жүргізсін, оқушылар саны туралы БТЖО Т.П. Оняновқа хабарласын.
5. Кезекші әкімші білім беру ұйымының педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің оқушыларды үйлеріне жіберуге жол бермеуіне бақылауды жүзеге асырсын.
6. 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың сабақ аяқталғаннан кейін ата-аналарының (заңды өкілдерінің) еріп жүруімен үйлеріне ұйымдасқан түрде шығуын қамтамасыз етсін.
7. Білім алушылардың, оның ішінде сабақтар тоқтатылған күндері сабаққа келмегендердің білім беру бағдарламаларын толық көлемде орындауы үшін мектеп мұғалімдері өзіндік жұмыстың әртүрлі нысандарын, оның ішінде қашықтықтан оқытуды пайдалансын. Сынып жетекшілері ата-аналар мен оқушылардың назарына қолданылатын жұмыс түрлері, өзіндік жұмыс түрлері туралы мәліметтерді жеткізсін.
8. Сабақтар тоқтатылатын күндері сабаққа келген оқушыларға сабақтың барлық түрлері (оқу, қосымша, үйірме, ұзартылған күн топтары), мектеп

басшысы бекітілген, келісілген сабақ кестесіне сәйкес және ыстық тамақ толық көлемде қамтамасыз етілсін.

9. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп басшысының міндетін атқарушысы:  Т.П.Онянов

Танысты:

Слывоцкая О.Я

